

## Мүлікті жеке меншіктен мемлекеттік меншікке ерікті және өтеусіз беру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 136 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы  
№ 758 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 758 Қаулысымен.**

«Мүлікті жеке меншіктен мемлекеттік меншікке ерікті және өтеусіз беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1371 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**ҚАУЛЫ**

**ЕТЕДІ: қараңыз**

**Р 1 1 0 0 0 1 1 0 3**

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының теңгерімдік құны 69298000 (алпыс тоғыз миллион екі жүз тоқсан сегіз мың) теңге «Жезқазған - Бейнеу темір жол учаскесін салу» жобасының (бұдан әрі - мүлік) техникалық-экономикалық негіздемесін кейіннен «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне беру үшін республикалық меншікке ерікті және өтеусіз беру туралы ұсынысы қабылданды.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен мүлікті қабылдап алу-беру бойынша қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*